**Құрылымдық статистика бойынша жалпымемлекеттік статистикалық байқаулардың статистикалық нысандары мен оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті Төрағасының 2020 жылғы 4 ақпандағы № 14 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 10 ақпанда № 20008 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 5 қазандағы № 427 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі туралы ереженің 15-тармағы 36) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі төрағасының 2020 жылғы 23 қазандағы № 9-нқ бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы туралы ереженің 15-тармағы 22) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 04.08.2023 № 16 (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Мыналар:

1) "Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметі туралы есеп" (индексі 1-ПФ, кезеңділігі тоқсандық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес;

2) "Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметі туралы есеп" (индексі 1-ПФ, кезеңділігі тоқсандық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес;

3) "Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметі туралы есеп" (индексі 1-ПФ, кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес;

4) "Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметі туралы есеп" (индексі 1-ПФ, кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес;

5) алып тасталды - ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 04.08.2023 № 16 (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6) алып тасталды - ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 04.08.2023 № 16 (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7) алып тасталды - ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының м.а. 01.02.2022 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8) алып тасталды - ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының м.а. 01.02.2022 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9) "Шағын кәсіпорын қызметі туралы есеп" (индексі 2-МП, кезеңділігі тоқсандық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес;

10) "Шағын кәсіпорын қызметі туралы есеп" (индексі 2-МП, кезеңділігі тоқсандық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық осы бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес;

11) "Шағын кәсіпорын қызметі туралы есеп" (индексі 2-МП, кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны осы бұйрыққа 11-қосымшаға сәйкес;

12) "Шағын кәсіпорын қызметі туралы есеп" (индексі 2-МП, кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық осы бұйрыққа 12-қосымшаға сәйкес;

13) "Негізгі қорлардың жай-күйі туралы есеп" (индексі 11, кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны осы бұйрыққа 13-қосымшаға сәйкес;

14) "Негізгі қорлардың жай-күйі туралы есеп" (индексі 11, кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық осы бұйрыққа 14-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының м.а. 01.02.2022 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.08.2023 № 16 (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

2. Мына бұйрықтардың:

1) "Құрылымдық статистика бойынша жалпымемлекеттік статистикалық байқаулардың статистикалық нысандары мен оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2017 жылғы 10 карашадағы № 165 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16038 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2017 жылғы 30 карашада жарияланған);

2) "Құрылымдық статистика бойынша жалпымемлекеттік статистикалық байқаулардың статистикалық нысандары мен оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика

министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2017 жылғы 10 қарашадағы № 165 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2018 жылғы 13 желтоқсандағы № 6 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17997 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2019 жылғы 3 қаңтарда жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Статистикалық қызметті жоспарлау басқармасы Заң басқармасымен бірлесіп заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Статистикалық қызметті жоспарлау басқармасы осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің құрылымдық бөлімшелеріне және аумақтық органдарына жұмыс бабында басшылыққа алу және пайдалану үшін жеткізсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

6. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Төраға* *Н. Айдапкелов*

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика
министрлігінің Статистика
комитеті төрағасының
2020 жылғы 4 ақпандағы
№ 14 бұйрығына
1-қосымша

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 01.07.2024 № 16 ( 01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

| | | |
|---|---|---|
| | Мемлекеттік статистика органдары құпиялылығына кепілдік береді Конфиденциальность гарантируется органами | Приложение 1 к приказу Председателя Комитета |

| | | |
|---|---|---|
| | государственной статистики Жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны Статистическая форма общегосударственного статистического наблюдения | по статистике Министерства национальной экономики Республики Казахстан от 4 февраля 2020 года № 14 |

Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметі туралы есеп
Отчет о финансово-хозяйственной деятельности предприятия

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Индексі Индекс | 1-ПФ | тоқсандық квартальная | есепті кезең отчетный период | ☐☐ | тоқсан квартал | ☐☐☐☐ | жыл год |

Жұмыс істейтіндердің тізімдік саны 100 адамнан асатын, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалар мен шетелдік заңды тұлғалардың филиалдары тапсырады. Статистикалық нысанды білім беру, денсаулық сақтау ұйымдары, банктер, сақтандыру ұйымдары, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, қоғамдық қорлар, қоғамдық бірлестіктер тапсырмайды.

Представляют юридические лица, осуществляющие предпринимательскую деятельность и филиалы иностранных юридических лиц, со списочной численностью работающих более 100 человек. Не представляют статистическую форму организации образования, здравоохранения, банки, страховые организации, единый накопительный пенсионный фонд, общественные фонды, общественные объединения.

Тапсыру мерзімі - есепті кезеңнен кейінгі 25-күнге (қоса алғанда) дейін
Срок представления – до 25 числа (включительно) после отчетного периода

| | |
|---|---|
| БСН коды код БИН | ☐☐☐☐☐☐☐☐ |

1. Қызметтің негізгі және қосалқы түрлері бөлінісіндегі өндірілген өнім мен көрсетілген қызметтердің көлемі туралы ақпаратты көрсетіңіз, мың теңге.

Укажите информацию об объеме произведенной продукции и оказанных услуг в разрезе основного и вторичных видов деятельности, тысяч тенге.

| Жол коды Код строки | Көрсеткіштердің атауы Наименование показателей | Барлығы Всего | Қызметтің негізгі түрі Основной вид деятельности | Қызметтің қосалқы түрі Вторичный вид деятельности ☐☐ | Қызметтің қосалқы түрі Вторичный вид деятельности ☐☐ | Қызметтің қосалқы түрі Вторичный вид деятельности ☐☐ | Қызметтің қосалқы түрі Вторичный вид деятельности ☐☐ | Қызметтің қосалқы түрі Вторичный вид деятельности ☐☐☐☐☐ |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| А | Б | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | Өндірілген өнім, | | | | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтер көлемі Объем произведенной продукции, выполненных работ и оказанных услуг | | | | | | | |
| 1.1 | өткізілген өнім, орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтер көлемі объем реализованной продукции, выполненных работ и оказанных услуг | | | | | | | |
| 1.2 | кәсіпорын ішінде пайдаланылған өнімдер мен көрсетілген қызметтер продукция и оказанные услуги, использованные | | | | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | внутри предприятия | | | | | | | |
| 1.3 | қоймада тұрған және сатуға арналған дайын өнімдер қорының өзгеруі изменение запасов готовой продукции, находящихся на складах и предназначенных для продажи | | | | | | | |
| 1.4 | аяқталмағанөндірісқалдығының өсуінемесе кемуі прирост или уменьшение остатка незавершенного производства | | | | | | | |

2. Қызметтің негізгі және қосалқы түрлері бөлінісіндегі кәсіпорыншығыстары туралы ақпаратты көрсетіңіз, мың теңге.

Укажите информацию о расходах предприятия в разрезе основного и вторичных видов деятельности, тысяч тенге.

| Жол коды Код строки | Көрсеткіштердің атауы Наименование показателей | Барлығы Всего | Өндірістікшығыстар Производственные расходы | | | | | | Өндірісті кемесшығыстар Непроизводст-венные расходы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | қызметтің негізгі түрі основной вид | қызметтің қосалқы түрі вторичный вид деятельности | қызметтің қосалқы түрі вторичный вид деятельности | қызметтің қосалқы түрі вторичный вид деятельности | қызметтің қосалқы түрі вторичный вид деятельности | қызметтің қосалқы түрі вторичный вид деятельности | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | деятельности | | | | | | |
| А | Б | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| 1 | Материалдықшығындар Материальные затраты | | | | | | | | |
| | олардан из них | Х | Х | Х | Х | Х | Х | Х | Х |
| 1.1 | шикізаттар мен материалдар сырье и материалы | | | | | | | | |
| 1.2 | сатылып алынған жартылай фабрикаттар мен жинақтаушы бұйымдар покупные полуфабрикаты и комплектующие изделия | | | | | | | | |
| 1.3 | отын топливо | | | | | | | | |
| 1.4 | энергия энергия | | | | | | | | |
| | тараптық ұйымдар орындаған өндірістік сипаттағы жұмыстар мен қызметтер | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1.5 | работы и услуги производственного характера, выполненные сторонними организациями | | | | | | | | |
| 1.6 | өзге материалдар прочие материалы | | | | | | | | |
| 2 | Негізгі құралдар өтелімі Амортизация основных средств | | | | | | | | |
| 3 | Материалдықемесактивтерөтелімі Амортизация нематериальных активов | | | | | | | | |
| 4 | Қызметкерлердің жалақы қоры Фонд заработной платы работников | | | | | | | | |
| | Кәсіпорын қаражаты есебінен қызметкерлерге | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 5 | ақшалай жәрдемақы Денежные пособия работникам за счет средств предприятия | | | | | | | | |
| 6 | Басқа дашығыстар Прочие затраты | | | | | | | | |
| | олардан из них | Х | Х | Х | Х | Х | Х | Х | Х |
| 6.1 | шығысқа жатқызылатын салықтармен басқа да төленетін міндетті төлемдер (корпоративтік табыс салығынсыз, акцизсіз және ҚҚС[1]-сыз) – барлығы налоги и другие обязательные платежи, относимые на расходы (без корпоративного подоходного налога, акцизов и | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | НДС[1]) – всего | | | | | | | | |
| | олардан из них | | | | | | | | |
| 6.1.1. | әлеуметтік сақтандыру бойынша аударымдар отчисления по социальному страхованию | | | | | | | | |

| Жол коды Код строки | Көрсеткіштердің атауы Наименование показателей | Барлығы Всего | Өндірістікшығыстар Производственные расходы | | | | | | Өндірісті кемес шығыстар Непроизводст-венные расходы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | қызметтің негізгі түрі основной вид деятельности | қызметтің қосалқы түрі вторичный вид деятельности | қызметтің қосалқы түрі вторичный вид деятельности | қызметтің қосалқы түрі вторичный вид деятельности | қызметтің қосалқы түрі вторичный вид деятельности | қызметтің қосалқы түрі вторичный вид деятельности | |
| А | Б | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| 6.2 | қызметтік іссапар кезіндегі тәулікақы суточные во время служебных командировок | | | | | | | | |
| 6.3 | жалгерлі қақы арендная плата | | | | | | | | |
| | тараптық ұйымдар орындаған | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 6.4 | өндірістік емес сипаттағы қызметтер услуги непроизводственного характера, выполненные сторонним и организациями | | | | | | | | |
| 6.5 | басқашығындар другие затраты | | | | | | | | |
| 7 | Шығыстар, барлығы Расходы, всего | | | | | | | | |

Ескертпе:

Примечание:

[1]Мұнда және бұдан әрі ҚҚС- қосылған құн салығы

[1]Здесь и далее НДС- налог на добавленную стоимость

3. Қызметтің негізгі және қосалқы түрлері бөлінісіндегі кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижесін көрсетіңіз, мың теңге.

Укажите результат финансово-хозяйственной деятельности предприятия в разрезе основного и вторичных видов деятельности,тысяч тенге.

| Жол коды Код строки | Көрсеткіштер атауы Наименование показателей | Барлығы Всего | Қызметтің негізгі түрі Основной вид деятельности | Қызметтің қосалқы түрі Вторичный вид деятельности | Қызметтің қосалқы түрі Вторичный вид деятельности | Қызметтің қосалқы түрі Вторичный вид деятельности | Қызметтің қосалқы түрі Вторичный вид деятельности | Қызметтің қосалқы түрі Вторичный вид деятельности |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| А | Б | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Өнімдердің өткізу мен қызметтердің көрсетуден түскен кіріс Доход от реализации продукции и оказания услуг | | | | | | | | |
| 1.1 | қайта сату үшін сатып алынған тауарларды өткізуден түскен кіріс доход от реализации товаров, приобретенных для перепродажи | | | | | | | | |
| 2 | Өткізілген өнім мен көрсетілген қызметтердің өзіндік құны Себестоимость реализованной продукции иоказанных услуг | | | | | | | | |
| 3 | Жалпыпайда | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Валовая прибыль | | | | | | | | |
| 4 | Қаржыландырудан түскен кірістер Доходы от финансирования | | | | | | | | |
| 5 | Өзге де кірістер Прочие доходы | | | | | | | | |
| 6 | Өнімдерді өткізу мен қызмет көрсету бойынша шығыстар Расходы по реализации и продукции и оказанию услуг | | | | | | | | |
| 7 | Әкімшілік шығыстар Административные расходы | | | | | | | | |
| 8 | Қаржыландыруға жұмсалған шығыстар Расходы на финансирование | | | | | | | | |
| 9 | Өзге де шығыстар | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Прочие расходы | | | | | | | | |
| 10 | Салық салынғанға дейінгі пайда ( залал) Прибыль (убыток) до налогообложения | | | | | | | | |
| 11 | Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар Расходы по корпоративному подоходному налогу | | | | | | | | |

4. Берешек туралы ақпаратты көрсетіңіз, мың теңге.

Укажите информацию о задолженности, тысяч тенге.

| Жол коды<br>Код строки | Көрсеткіштердіңатауы<br>Наименование показателей | Берешек-барлығы<br>Задолженность-всего | Оның ішінде мерзімі өткендер<br>Из нее просроченная |
|---|---|---|---|
| А | Б | 1 | 2 |
| 1 | Дебиторлықберешек<br>Дебиторская задолженность | | |
| | одан<br>из нее | Х | Х |
| 1.1 | сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің берешегі<br>задолженность покупателей и заказчиков | | |
| 1.2 | өзге де дебиторлықберешек<br>прочая дебиторская задолженность | | |
| 2 | Міндеттемелер бойынша берешек<br>Задолженность по обязательствам | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | одан<br>из нее | Х | Х |
| 2.1 | өнім берушілермен және мердігерлермен есеп айырысу бойынша<br>по расчетам с поставщиками и подрядчиками | | |
| 2.2 | салықтар мен басқа да бюджетке міндетті төлемдер бойынша<br>по налогам и другим обязательным платежам в бюджет | | |
| 2.3 | жұмыс берушілердің міндетті зейнетақы жарналарын бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аударуы бойынша<br>по перечислению обязательных пенсионных взносов работодателей в единый накопительный пенсионный фонд | | |
| 2.4 | банк қарыздары бойынша<br>по займам банков | | |
| 2.5 | өзге де қарыздарбойынша<br>по прочим займам | | |
| 2.6 | өзге де кредиторлықберешектер мен есептеулер бойынша<br>по прочей кредиторской задолженности и начислениям | | |
| 2.6.1 | оның ішіндееңбекақытөлеубойыншаберешек<br>в том числе задолженность по оплате труда | | |

5. Бухгалтерлік теңгерім көрсеткіштері бойынша ақпаратты көрсетіңіз, мың теңге.

Укажите информацию по показателям бухгалтерского баланса, тысяч тенге.

| Жол коды<br>Код строки | Көрсеткіштердің атауы<br>Наименование показателей | Кезең соңына<br>На конец периода | Кезең басына<br>На начало периода |
|---|---|---|---|
| А | Б | 1 | 2 |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1 | Ақшалай қаражат<br>Денежные средства | | |
| 2 | Қысқа мерзімді қаржы инвестициялары<br>Краткосрочные финансовые инвестиции | | |
| 3 | Қысқа мерзімді дебиторлық берешек<br>Краткосрочная дебиторская задолженность | | |
| 4 | Қорлар<br>Запасы | | |
| | оның ішінде<br>в том числе | X | X |
| 4.1 | шикізат пен материалдар<br>сырье и материалы | | |
| 4.2 | дайынөнім<br>готовая продукция | | |
| 4.3 | қайта сатуға арналған тауарлар<br>товары для перепродажи | | |
| 4.4 | аяқталмаған өндіріс<br>незавершенное производство | | |
| 5 | Өзге де қысқа мерзімді активтер<br>Прочие краткосрочные активы | | |
| 6 | Қысқа мерзімді активтер жиынтығы<br>Итого краткосрочных активов | | |
| 7 | Ұзақмерзімді қаржыинвестициялары<br>Долгосрочные финансовые инвестиции | | |
| 8 | Ұзақмерзімді дебиторлық берешек<br>Долгосрочная дебиторская задолженность | | |
| 9 | Негізгі құрал-жабдықтар<br>Основные средства | | |
| 10 | Биологиялық активтер<br>Биологические активы | | |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 11 | Материалдық емес активтер<br>Нематериальные активы | | |
| 12 | Ұзақ мерзімді өзге активтер<br>Прочие долгосрочные активы | | |
| 12.1 | оның ішінде аяқталмаған құрылыс<br>из них незавершенное строительство | | |
| 13 | Ұзақ мерзімді активтер жиынтығы<br>Итого долгосрочных активов | | |
| 14 | Баланс (активтер)<br>Баланс (активы) | | |
| 15 | Қысқамерзімді қаржылық міндеттемелер<br>Краткосрочные финансовые обязательства | | |
| 15.1 | оның ішінде қысқамерзімді банк қарыздары<br>из нихкраткосрочные банковские займы | | |
| 16 | Салықтар бойынша міндеттемелер<br>Обязательства по налогам | | |
| 17 | Қысқа мерзімді кредиторлық берешек<br>Краткосрочная кредиторская задолженность | | |
| 18 | Қысқа мерзімді өзге міндеттемелер<br>Прочие краткосрочные обязательства | | |
| 19 | Қысқа мерзімді міндеттемелер жиынтығы<br>Итого краткосрочных обязательств | | |
| 20 | Ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер<br>Долгосрочные финансовые обязательства | | |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 20.1 | оның ішінде ұзақ мерзімді банк қарыздары<br>из нихдолгосрочные банковские займы | | |
| 21 | Ұзақ мерзімді кредиторлық берешек<br>Долгосрочная кредиторская задолженность | | |
| 22 | Ұзақ мерзімді өзге міндеттемелер<br>Прочие долгосрочные обязательства | | |
| 23 | Ұзақ мерзімді міндеттемелер жиынтығы<br>Итого долгосрочных обязательств | | |
| 24 | Жарғылық (акционерлік) капитал<br>Уставный (акционерный) капитал | | |
| 24.1 | одан төленбеген капитал<br>из него неоплаченный капитал | | |
| 25 | Сатып алынған меншікті үлестік құралдар<br>Выкупленные собственные долевые инструменты | | |
| 26 | Эмиссиялық кіріс<br>Эмиссионный доход | | |
| 27 | Резервтер<br>Резервы | | |
| 28 | Бөлінбегентабыс (орны толтырылмаған залал)<br>Нераспределенная прибыль (непокрытый убыток) | | |
| 29 | Азшылық үлесі<br>Доля меньшинства | | |
| 30 | Капитал жиынтығы<br>Итого капитал | | |
| 31 | Баланс (пассивтер)<br>Баланс (пассивы) | | |

6. Ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы ақпаратты көрсетіңіз, мың теңге.

Укажите информацию о движении денежных средств, тысяч тенге.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | Шетел валютасымен |

| Жол коды<br>Код строки | Көрсеткіштердің атауы<br>Наименование показателей | Барлығы<br>Всего | Теңгемен жасалған операциялардан түскені<br>От операций в тенге | жасалған операциялардан түскені<br>От операций в иностранной валюте |
|---|---|---|---|---|
| А | Б | 1 | 2 | 3 |
| | Операциялық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың қозғалысы<br>Движение денежных средств от операционной деятельности | | | |
| 1 | Ақшалай қаражаттың түсімі<br>Поступление денежных средств | | | |
| | оның ішінде<br>в том числе | Х | Х | Х |
| 1.1 | тауарлардыөткізуден<br>реализация товаров | | | |
| 1.2 | өзге де түсімдер<br>прочее поступление | | | |
| 2 | Ақшалай қаражаттың істен шығуы<br>Выбытие денежных средств | | | |
| | оның ішінде<br>в том числе | Х | Х | Х |
| 2.1 | тауарлар мен қызметтер үшін өнім берушілерге төленетін төлемдер<br>платежи поставщикам за товары и услуги | | | |
| 2.2 | қарыздар бойынша түскен сыйақыларды төлеу<br>выплата вознаграждений по займам | | | |
| | одан<br>из него | Х | Х | Х |
| 2.2.1 | банк қарыздары бойынша<br>по займам банков | | | |
| 2.2.2 | өзге қарыздар бойынша<br>по прочим займам | | | |
| 2.3 | өзге де шығулар<br>прочее выбытие | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 3 | Операциялық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың таза сомасы<br>Чистая сумма денежных средств от операционной деятельности | | | |
| | Инвестициялық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың қозғалысы<br>Движение денежных средств от инвестиционной деятельности | | | |
| 4 | Ақшалай қаражаттың түсімі<br>Поступление денежных средств | | | |
| | оның ішінде<br>в том числе | X | X | X |
| 4.1 | қаржы активтерінөткізуден<br>реализация финансовых активов | | | |
| 4.2 | басқа ұйымдарға берілгенқарыздарды өтеу<br>погашение займов, предоставленных другим организациям | | | |
| 4.3 | өзге де түсімдер<br>прочее поступление | | | |
| 5 | Ақшалайқаражатты ңістеншығуы<br>Выбытие денежных средств | | | |
| | оның ішінде<br>в том числе | X | X | X |
| 5.1 | қаржы активтерін сатып алу<br>приобретение финансовых активов | | | |
| 5.2 | басқаұйымдарғақар ыздар беру<br>предоставление займов другим организациям | | | |
| 5.3 | өзге де шығулар<br>прочее выбытие | | | |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 6 | Инвестициялық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың таза сомасы<br>Чистая сумма денежных средств от инвестиционной деятельности | | | |
| | Қаржы қызметінен түскен ақшалай қаражаттың қозғалысы<br>Движение денежных средств от финансовой деятельности | | | |
| 7 | Ақшалай қаражаттың түсімі<br>Поступление денежных средств | | | |
| | оның ішінде<br>в том числе | X | X | X |
| 7.1 | қарыз алу<br>получение займов | | | |
| | олардан<br>из них | X | X | X |
| 7.1.1 | банк қарыздары<br>займов банков | | | |
| 7.1.2 | өзге де қарыздар<br>прочих займов | | | |
| 7.2 | өзге де түсімдер<br>прочее поступление | | | |
| 8 | Ақшалай қаражаттың істен шығуы<br>Выбытие денежных средств | | | |
| | оның ішінде<br>в том числе | X | X | X |
| 8.1 | қарыздар бойынша берешекті төлеу<br>погашение задолженности по займам | | | |
| | олардан<br>из них | X | X | X |
| 8.1.1 | банк қарыздары бойынша<br>по займам банков | | | |
| 8.1.2 | өзге де қарыздар бойынша<br>по прочим займам | | | |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 8.2 | меншікті акцияларды сатып алу<br>приобретение собственных акций | | | |
| 8.3 | өзге де шығулар<br>прочее выбытие | | | |
| 9 | Қаржылық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың таза сомасы<br>Чистая сумма денежных средств от финансовой деятельности | | | |
| 10 | Жиынтығы: Ақшалайқаражаттыңкөбеюі/азаюы<br>Итого: Увеличение/ уменьшение денежных средств | | | |

7. Валюталық позиция бойынша ақпаратты көрсетіңіз, мың теңге.

Укажите информацию по валютной позиции, тысяч тенге.

| Жол коды<br>Код строки | Көрсеткіштер діңатауы<br>Наименование показателей | Валюталық позиция, барлығы<br>Валютная позиция, всего | Оның ішінде валюта бойынша позиция<br>В том числе позиции по валюте | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | АҚШ[2]доллары<br>доллар США[2] | евро<br>евро | ресей рублі<br>российский рубль | өзге де валюталар<br>прочие валюты |
| А | Б | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1 | Шетел валютасындағы қысқа мерзімді активтер<br>Краткосрочные активы в иностранной валюте | | | | | |
| | оның ішінде<br>в том числе | Х | Х | Х | Х | Х |
| 1.1 | ақша қаражаттары және олардың баламалары<br>денежные средства и их эквиваленты | | | | | |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1.2 | қысқамерзімдіқаржыинвестициялары краткосрочные финансовые инвестиции | | | | | |
| 1.3 | қысқамерзімдідебиторлықберешек краткосрочная дебиторская задолженность | | | | | |
| 1.4 | өзге де қысқа мерзімді активтер прочие краткосрочные активы | | | | | |
| 2 | Шетел валютасындағы ұзақ мерзімді активтер Долгосрочные активы в иностранной валюте | | | | | |
| | оның ішінде в том числе | X | X | X | X | X |
| 2.1 | ұзақ мерзімді қаржы инвестициялары долгосрочные финансовые инвестиции | | | | | |
| 2.2 | ұзақмерзімдідебиторлықберешек долгосрочная дебиторская задолженность | | | | | |
| 2.3 | өзге де ұзақ мерзімді активтер прочие долгосрочные активы | | | | | |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 3 | Шетел валютасындағы активтер Активы в иностранной валюте | | | | | |
| 4 | Шетел валютасындағы қысқа мерзімді міндеттемелер Краткосрочные обязательства в иностранной валюте | | | | | |
| | оның ішінде в том числе | X | X | X | X | X |
| 4.1 | қысқамерзімдіқаржыміндеттемелер краткосрочные финансовые обязательства | | | | | |
| | олардан из них | X | X | X | X | X |
| 4.1.1 | қысқамерзімді банк қарыздары краткосрочные банковские займы | | | | | |
| 4.1.2 | өзге де қысқамерзімдіқаржыміндеттемелері прочие краткосрочные финансовые обязательства | | | | | |
| 4.2 | қысқамерзімдікредиторлық берешек краткосрочная кредиторская задолженность | | | | | |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 4.3 | өзге де қысқамерзімді міндеттемелер<br>прочие краткосрочные обязательства | | | | | |
| 5 | Шетел валютасындағы ұзақ мерзімді міндеттемелер<br>Долгосрочные обязательства в иностранной валюте | | | | | |
| | оның ішінде<br>в том числе | X | X | X | X | X |
| 5.1 | ұзақмерзімдік аржыміндеттемелері<br>долгосрочные финансовые обязательства | | | | | |
| | олардан<br>из них | X | X | X | X | X |
| 5.1.1 | ұзақмерзімді банк қарыздары<br>долгосрочные банковские займы | | | | | |
| 5.1.2 | өзге де ұзақмерзімдік аржыміндеттемелері<br>прочие долгосрочные финансовые обязательства | | | | | |
| 5.2 | ұзақмерзімдік редиторлықберешек<br>долгосрочная кредиторская задолженность | | | | | |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 5.3 | өзге де ұзақмерзімдім індеттемелер прочие долгосрочные обязательства | | | | | |
| 6 | Шетел валютасындағы міндеттемелер Обязательства в иностранной валюте | | | | | |
| 7 | Шетел валютасындағы таза позиция Чистая позиция в иностранной валюте | | | | | |

[2]АҚШ – Америка Құрама Штаттары

[2]США – Соединненые Штаты Америки

8. Статистикалық нысанды толтыруға жұмсалған уақытты көрсетіңіз, сағатпен ( қажеттісін қоршаңыз).

Время, затраченное на заполнение статистической формы, в часах (нужное обвести) .

| 1 сағатқа дейін | 1-2 | 2-4 | 4-8 | 8-40 | 40 сағаттан артық |
|---|---|---|---|---|---|
| до 1 часа | | | | | более 40 часов |

Атауы мекенжайы (респонденттің)

Наименование ______________________ Адрес (респондента) ____________________
__

Телефоны (респонденттің) ________________________ __________________________
_

Телефон (респондента) стационарлық ұялы

стационарный мобильный

Электрондық пошта мекенжайы (респонденттің)

Адрес электронной почты (респондента) ______________________________________
_

Орындаушы

Исполнитель ____________________________________ __________________________
_

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы, телефоны (орындаушының)
фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись, телефон (исполнителя)

Бас бухгалтер немесе оның міндетін атқарушы тұлға

Главный бухгалтер или лицо, исполняющее его обязанности

_________________________________ ____________________________________

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы
фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись

Басшы немесе оның міндетін атқарушы тұлға

Руководитель или лицо, исполняющее его обязанности

________________________________________ _____________________________

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы
фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись

Ескертпе:

Примечание:

Мемлекеттік статистиканың тиісті органдарына анық емес бастапқы статистикалық деректерді ұсыну және бастапқы статистикалық деректерді белгіленген мерзімде ұсынбау "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 497-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар болып табылады.

Представление недостоверных и непредставление первичных статистических данных в соответствующие органы государственной статистики в установленный срок являются административными правонарушениями, предусмотренными статьей 497 Кодекса Республики Казахстан "Об административных правонарушениях".

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика
министрлігінің Статистика
комитеті төрағасының
2020 жылғы 4 ақпандағы
№ 14 бұйрығына
2-қосымша

**"Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметі туралы есеп" (индексі 1-ПФ, кезеңділігі тоқсандық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық**

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 01.07.2024 № 16 ( 01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы "Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметі туралы есеп" (индексі 1-ПФ, кезеңділігі тоқсандық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық "Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметі

туралы есеп" (индексі 1-ПФ, кезеңділігі тоқсандық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыруды нақтылайды.

2. Осы нұсқаулықта келесі анықтама пайдаланылады:

1) ақшалай қаражат қозғалысы – операциялық, инвестициялық және қаржы қызметтері бойынша жіктелетін кезеңдегі ақшаның және оның баламаларының түсуі және істен шығуы;

2) аяқталмаған өндіріс (жартылай фабрикаттар, құралдар, өзі жасап шығарған көмекші құрылғылар) – технологиялық процесте көзделген барлық кезеңдерден өтпеген және өндірістік процестегі өнім (өндірістік процестегі барлық кезеңдеріндегі, жасалған, бірақ толық жинақталмаған бөлшектер мен жартылай фабрикаттар);

3) азшылық үлесі – басты компаниясы еншілес компаниялар арқылы тікелей немесе жанама иеленбеген, үлесіне келетін еншілес компания қызметінің таза нәтижелерінің және таза активтерінің бөлігі;

4) әкімшілік шығыстар – өндірістік үдерістерге байланысты емес басқару және шаруашылық шығыстары;

5) валюта позициясы – есепті күнге түпкілікті валюта айырбастау бағамын қолданып теңгеде қайта саналған, шетелдік валютада тұлғаланған, активтер мен міндеттемелер бойынша жалпы позиция;

6) дебиторлық берешек – жеке және заңды тұлғалармен шаруашылық қатынасының қорытындылары бойынша кәсіпорынға олардан тиесілі борыштар сомасы;

7) кәсіпорын қаражаты есебінен қызметкерлерге берілетін ақшалай жәрдемақылар – ұйымды тарату, қызметкерлер санын немесе штатын қысқарту нәтижесінде төленетін өтемақылар, қызметкерге бір жолғы тәртіпте көрсетілетін материалдық көмек (үйлену, бала туу), уақытша еңбекке жарамсыздығы бойынша әлеуметтік жәрдемақылар (жалпы аурулар, жүктілік және бала туу, бала асырап алу), қызметкерге жұмыс берушінің кінәсі бойынша денсаулыққа зиян немесе зақым келтірілген нұқсанды өтеуге ( сақтандыру өтеуі жоқ болған жағдайда) төлемдер;

8) кәсіпорын ішінде пайдаланылған өнім мен көрсетілген қызметтер – субъектінің бір құрылымдық бөлімшесінің осы субъектінің екінші құрылымдық бөлімшесіне пайдалану үшін ұсынылған өнімінің (жұмыстар, көрсетілетін қызметтердің) құны;

9) корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар – қолданыстағы салық заңнамасына сәйкес анықталатын корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар;

10) қаржыландыруға арналған шығыстар – сыйақылар, қаржылық жалдау бойынша пайыздарды төлеуге арналған, қаржылық құралдардың әділ құнын өзгертуден алынатын шығыстар мен қаржыландыруға арналған өзге де шығыстар;

11) қаржыландырудан түсетін табыстар – сыйақылар, дивидендiлер бойынша, қаржылық жалдаудан, жылжымайтын мүлікке инвестициялармен операциялардан, қаржылық құралдардың әділ құнын өзгертуден түсетін кірістер және қаржыландырудан түсетін өзге де кірістер;

12) қорлар – қызмет көрсету немесе сату кезінде өндірістік процесте пайдалануға арналған кәсіпорынның қысқа мерзімді активтері;

13) қызметкерлердің жалақы қоры – қызметкерлерге еңбекақы төлеу үшін ұйымдардың олардың қаржыландыру көзі мен оларды нақты төлеу мерзіміне қарамастан, есептеген жиынтық ақшалай қаражатының, сондай-ақ ақшалай бірлікке айналдырылған заттай түрдегі қаражаттар, салық және басқа да ұстап қалулар ескерілген (табыс салығы, жинақтаушы зейнетақы қорларына жұмыс берушілердің міндетті зейнетақы жарнасы) (лауазымдық айлықақылар (тарифтік мөлшерлемелер), қосымша төлемдер, үстемеақылар, сыйлықақылар және өзге де ынталандыру мен өтелімдік сипаттағы төлемдер);

14) қызметтің қосалқы түрі – бұл үшінші тұлғалар үшін өнімдерді өндіру мақсатында жүзеге асырылатын негізгіден басқа қызмет түрі;

15) қызметтің негізгі түрі – қосылған құны субъекті жүзеге асыратын қызметтің кез келген басқа түрінің қосылған құнынан асатын қызмет түрі;

16) материалдық шығындар – жабдықтау, делдалдық, сыртқы экономикалық ұйымдарға төленген үстеме баға (үстемеақы), комиссиялық сыйақылар, тауар биржасы қызметінің құны, кеден бажы, бөгде ұйымдардың және кәсіпорынның қызметкерлері болып табылмайтын жеке тұлғалардың күштерімен жүзеге асырылатын тасымалдауға, сақтауға және жеткізуге жұмсалатын шығыстарды қосқанда материалдық ресурстарды сатып алу (қосылған құн салығы, акциз есебінсіз) бағасына сүйене отырып қалыптасқан құны;

17) міндеттеме – реттелуі экономикалық пайдаларды қамтитын ресурстардың есептен шығуына әкеп соқтыратын өткен оқиғалардан туындайтын дара кәсіпкердің немесе ұйымның қазіргі міндеттері;

18) отын – технологиялық мақсаттарға, энергияның барлық түрлерін өндіруге, ғимараттарды жылытуға, көлік кәсіпорындары орындаған өндіріске қызмет көрсету бойынша көлік жұмыстарына жұмсалатын, шеттен сатып алынған және де кәсіпорынның өзі өндірген отынның барлық түрлерінің құны;

19) өтелім – активтің пайдалы қолдану мерзімі ішінде жүретін сатып алынған актив құнының өнімнің өзіндік құнына немесе шығысқа бірте-бірте ауысу процесі;

20) өндірушінің бағасы – өнімнің өндірушіден сатып алушыға дейінгі қозғалысына байланысты қосылған құн салығы және акциздерді, сауда және өткізу үстеме бағаларды , тасымал және басқа да шығыстарды есепке алусыз "кәсіпорын қақпасынан" шыққан сәттен бастап өткізілетін өнім бірлігінің бағасы;

21) өндірістік емес шығыстар – өнімдер өткізу мен қызмет көрсету бойынша шығыстар, әкімшілік шығыстар, қаржыландыру шығыстары және басқа шығыстар кіретін шығыстар;

22) өзге де кірістер – активтердің істен шығуынан, өтеусіз алынған активтерден, мемлекеттік субсидиялардан, құнсызданудан пайда болған залалды қалпына келтіруден

, бағам айырмашылықтан, операциялық жалға беруден, биологиялық активтердің әділ бағасының өзгеруінен түскен кірістер және өзгелер;

23) өткізілген өнімнің және көрсетілген қызметтің өзіндік құны – жіберілген дайын өнімнің (жұмыстың, көрсетілген қызметтердің) нақты өзіндік құны;

24) өнімдер өткізу мен қызмет көрсету бойынша шығыстар – өнімдерді өткізу және қызмет көрсетулерге байланысты шығыстар. Оларға: жалақы, өткізу бөлімі қызметкерлерінің жалақысынан аударымдар, меншікті сақтандыру шығыстары, іссапар шығыстары, өтелімдік аударымдар мен жылжымайтын мүлік объектілерін ұстау шығыстары, жүкті жіберу пункттілеріне дейін тасымалдау, жүкті тиеу-түсіру бойынша шығыстары, маркетингілік қызмет көрсету бойынша шығыстар және ұқсас басқа да шығыстар;

25) өнімдерді өткізу мен қызмет көрсетулерден түскен кіріс – қосылған құн салығы, акциздерді, сондай-ақ қайтарылып берілген тауарлар құны, сатып алушыларға ұсынылған сауда жеңілдіктері мен баға жеңілдіктерін алып тастағанда алуға жататын ( алынған) кіріс сомасы;

26) өндірілген өнім, орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтер көлемі – өндірушінің бағасымен жіберілген өнім, орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтердің құны;

27) өзге де шығыстар – әдеттегі қызмет процесіне қарамастан туындайтын өзге де өндірістік емес шығыстар, олар активтің істен шығуы мен құнсыздануы, бағам айырмашылығы, резервтің жасалуы мен сенімсіз талаптардың істен шығарылуы, операциялық жалға беру шығыстары, биологиялық активтер әділ бағасының өзгеруінің шығыстары және тағы басқалар.

28) өндірістік шығыстар – қызметтің негізгі және қосалқы түрлерінің өндірілген өнімі мен көрсетілетін қызметтердің өзіндік құнын қалыптастыратын шығындар;

29) салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, әлеуметтік сақтандыру бойынша аударымдар, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аударымдар – Қазақстан Республикасының қолданыстағы салық заңнамасына сәйкес анықталатын, бюджетке міндетті төлемдер және зейнетақымен қамсыздандыру және міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының заңнамасымен анықталған аударымдар;

30) шикізат және материалдар, сатып алынған жартылай фабрикаттар, жиынтықтаушы бұйымдар – көлік және дайындау шығыстарының есебімен өнім өндіру және қызмет көрсету процесінде пайдаланылатын барлық материалдардың құны;

31) энергия – субъктінің технологиялық, энергетикалық, қозғалтқыштық және басқа да өндірістік мұқтаждарына жұмсалатын сатып алынған энергияның барлық түрлерінің құны.

32) қайта сатуға арналған тауарлар – бұл көтерме немесе бөлшек сауда кәсіпорындарының клиенттерге қайта сату үшін сатып алатын тауарлары.

3. Түзетпеу жазбасы нақты шоттардың дебеттік немесе кредиттік айналымдарын арттыру (азайту) ретінде көрсетіледі.

4. Қызметтің негізгі және қосалқы түрлері бөлінісіндегі көрсеткіштерді толтыру кезінде қызмет түрінің Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішіне сәйкес бес таңбалық коды көрсетіледі.

5. 1-бөлімнің 1-жолы бойынша "Өндірілген өнім, орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызмет көлемі" көрсеткіші өткізілген өнімнің және көрсетілген қызмет көлемінің (қайта сату үшін сатып алынған тауарлардың құнын, қосылған құн салығын, акциздерін есептемей), кәсіпорын ішінде пайдаланылған өнім мен көрсетілген қызметтің, сату үшін қоймаларда сақтаулы тұрған дайын өнім қорының өзгерісін, аяқталмаған өндіріс пен құрылыс қалдықтарының көбеюін (кемуін) жиынтықтаумен анықталады.

Сауда қызметімен айналысатын кәсіпорындар үшін өндірілген өнім, орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтер көлемі тауарды өткізуден түскен табыс пен тауарды сатып алу шығысының арасындағы айырмашылық ретінде анықталады. Тауарларды сатып алған тауар бағасына тең немесе төмен баға бойынша сатқан жағдайда, сауда қызметі бойынша өндірілген өнім, орындалған жұмыстар және көрсетілген қызмет көлемі айналым шығындарының шамасына тең болады.

Өндірістік кәсіпорындар үшін өндірілген өнім, орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтердің көлемдері өңделме шикізаттан өндірілген өнім құны және зауыт ішіндегі айналымдық құны ескеріліп, келтіріледі.

Айырбастау пункттері үшін өндірілген өнім, орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтер көлемі валютаны сату мен сатып алу құнының арасындағы айырмашылық болып табылады.

Алаңдар мен жабдықтарды жалға берумен айналысатын кәсіпорындар үшін жалға беру шарты бойынша өзінің активтерін уақытша пайдалануға беруден түскен кіріс өндірілген өнім, орындалған жұмыстар және көрсетілген қызметтер көлемі болып табылады.

Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары, мейрамханалар үшін өндірілген өнім, орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтер көлемі дайын тағамды жеткізуді қосқанда, оның тауар айналымына теңестіріледі. Мұның өзінде сатылған сусындар мен өнімдер материалдық шығындар болып табылады және өндірілген өнім көлеміне кіреді .

Қонақүйлер үшін өндірілген өнім, орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтер көлемі мейрамханалар қызметтерін қоса, қонақүйлер қызметтерін ұсыну болып табылады.

Микрокредиттеумен айналысатын кәсіпорындар (микрокредиттік ұйымдар, кредиттік серіктестіктер) үшін өндірілген өнім, орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтер көлемі қаржы делдалдарының меншіктен түскен табыстары (өзінің меншікті

құрал-жабдықтарын инвестициялау арқылы алған таза кірістен басқа) мен кредиторларға төленген пайыздар арасындағы айырмашылық ретінде жанама жолмен анықталатын қызметтер құны болып табылады.

6. 2-бөлімді толтырған кезде шығындарға қайта сату үшін сатып алынған тауарлар құнын қоспау керек, өйткені оларды тауар өндірушілер есепке алған.

7. 2-бөлімнің 6.5-жолы бойынша "басқа да шығыстар" көрсеткіші басқа топтамаларға енгізілмеген барлық шығыстар көрсетеді.

8. 3-бөлімнің 1-жолы бойынша "Өткізілген өнім, көрсетілген қызмет түрлерінен түскен кіріс" көрсеткіші сауда қызметімен айналысатын кәсіпорындар үшін сатылған тауарлардың сатып алу құнын ескере отырып, сипаттайды.

3-жол "Жалпы пайда" өнімді өткізу, орындалған жұмыстар және қызметтерді көрсету табысынан сатылған өнім мен көрсетілген қызметтің өзіндік құнының айырмашылығы ретінде анықталады.

10-жол "Салық салынғанға дейінгі пайда (залал)" қаржыландырудан түскен жалпы пайда, кіріс, өзге де табыстардың сомасы мен өнімді өткізу мен қызмет көрсету бойынша шығыстардың, қаржыландыруға арналған шығыстардың, әкімшілік және өзге де шығыстардың сомасының айырмасы ретінде анықталады.

9. 6-бөлімде операциялық, инвестициялық және қаржылық қызметтегі ұлттық және шетел валютасындағы кәсіпорынның ақша қаражаты қозғалысы туралы ақпарат көрсетілген.

Операциялық қызметтен түскен ақша қозғалысы төмендегі операциялардан ақша қаражаттарының таза сомасын қалыптастырған мынадай операциялардан ақшалай қаражаттарды көрсетеді:

тауар сатудан және қызметтер көрсетуден;

лицензиямен қолдану құқығын ұсынудан, қаламақы, комиссиялық сыйақылар мен өзге кірістерден;

тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді өнім берушілерге төлемдер;

қызметкерлерге төлемдер;

өзге де төлемдер.

Инвестициялық қызметтен түскен ақша қозғалысы – ақша эквиваленттеріне жатпайтын, ұзақ мерзімді (айналымдық емес) активтер мен басқа инвестицияларды алу және сатудағы ақша ағымдарын көрсетеді:

мүлік, машиналар мен жабдықтар, материалдық емес және ұзақ мерзімді ( айналымдық емес) өзге де активтерді, сондай-ақ әзірлеме мен жеке құрылысқа капиталдандырылған шығыстармен байланысты төлемдерді сатып алу;

негізгі құралдарды, материалдық емес активтерді және басқа ұзақ мерзімді ( айналымдық емес) активтерді сату;

акционерлік капитал мен қарыздық құралдарға, кәсіпорынның бірлескен қызметіне қатысу үлестеріне қатысты ақшалай қаражаттардың төлемдері мен түсімдері;

басқа кәсіпорындарға ұсынылған ақшалай несиелер және осы несиелерді өтеумен байланысты ақшалай қаражаттың түсімі;

өзге де.

Қаржы қызметінен түскен ақша қозғалысы – инвесторлар мен кредиторлардан ақша тарту бойынша операциялардан түскен ақшалай қаражаттарды алу және жұмсау, яғни қарыз қаражаттары мен меншікті капиталмен байланысты операцияларды көрсетеді:

акция немесе өзге де акционерлік құралдарды шығарудан ақшалай қаражаттың түсімі;

қарыздық міндеттемелерді шығарудан, кредиттер және басқа қысқа не ұзақ мерзімді қарыз алудан ақшалай қаражаттың түсімі;

кәсіпорындардың акцияларын сатып алуға немесе өтеп алуға байланысты ақшалай төлемдер;

қарыз ақшалай қаражаттарды қайтарумен байланысты ақшалай төлемдер;

жалгердің қаржылық лизингіне қатысты қаржылық міндеттемелердің азаю есебінен ақшалай төлемдері;

өзге де.

Шетел валютасындағы операциялардан түскен ақша қозғалысы – операция жүзеге асырылған күні валюта айырбастаудың нарықтық бағамын қолданумен, теңгеге аударылған шетел валютасындағы операциялардан түскен ақшалай қаражаттың қозғалысын көрсетеді. Шетелдік валютадағы операциялар - шетелдік валютадағы төлемдер, сондай-ақ шетелдік валютада жасалатын мәмілелер болып саналады:

құны шетелдік валютада көрсетілген тауарларды немесе көрсетілетін қызметтерді алу немесе сату;

төлем немесе алу сомасы шетелдік валютада белгіленген қарыздарды алу немесе ұсыну;

шетел валютасында тұлғаланған активтерді сатып алу немесе өткізу, міндеттемелерді өз басына алу немесе өтеу.

Одан басқа шетелдік валютадағы операцияларға шетелдік валютаға байлаулы операциялар бойынша ұлттық валютадағы төлемдердің жүзеге асырылуы жатады.

Операциялық, инвестициялық, қаржылық қызметтен түскен ақшалай қаражаттардың таза сомасы операциялық, инвестициялық, қаржылық қызметтерден түскен ақшалай қаражаттардың түсімі және істен шығуының айырмасы ретінде анықталады.

10. Шетел валютасындағы таза позиция шетел валютасындағы активтер мен шетел валютасындағы міндеттемелер арасындағы айырмашылық ретінде анықталады.

11. Осы статистикалық нысанды ұсыну қағаз жеткізгіште немесе электрондық түрде жүзеге асырылады. Статистикалық нысанды электрондық түрде толтыру Қазақстан

Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының интернет-ресурсында (https://cabinet.stat.gov.kz/) орналастырылған " Деректерді он-лайн режимде жинау" ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

12. Ескертпе: Х – осы позиция толтыруға жатпайды.

13. Арифметикалық-логикалық бақылау:

1) әр жол мен баған үшін барлық көрсеткіштер – оң сандар (1-бөлімнің 1.3, 1.4-жолдарынан, 3-бөлімнің 3, 10-жолдарынан, 5-бөлімнің 28, 30 - жолдарынан, 6-бөлімнің 3, 6, 9, 10-жолдарынан, 7-бөлімнің 7-жолынан басқа).

2) 2-бөлім:

7-жол = әр бағандар үшін 1, 2, 3, 4, 5, 6-жолдар сомасына.

3) 3-бөлім:

мүлік, машиналар мен жабдықтар, материалдық емес және айналымдық емес өзге де активтерді, сондай-ақ әзірлеме мен жеке құрылысқа капиталдандырылған шығыстармен байланысты төлемдерді сатып алу;

негізгі құрал-жабдықтарды, материалдық емес активтерді және басқа айналымдық емес активтерді сату;

акционерлік капитал мен қарыздық құралдарға, кәсіпорынның бірлескен қызметіне қатысу үлестеріне қатысты ақшалай қаражаттардың төлемдері мен түсімдері;

басқа кәсіпорындарға көрсетілген ақшалай несиелер және осы несиелерді өтеумен байланысты ақшалай қаражаттардың түсімі;

өзге де.

Қаржы қызметінен түскен ақшалар қозғалысы – инвесторлар мен кредиторлардан ақша тарту бойынша операциялардан түскен ақшалай қаражаттарын алу және жұмсау, яғни қарыз қаражаттары мен меншіктік капиталмен байланысты операцияларды көрсетеді:

акция немесе өзге де акционерлік құралдарды шығарудан ақшалай қаражаттардың түсімі;

қарыздық міндеттемелерді шығарудан, кредиттер және басқа қысқа не ұзақ мерзімді қарыз алудан ақшалай қаражаттардың түсімі;

кәсіпорындардың акцияларын сатып алуға немесе өтеп алуға байланысты ақшалай төлемдер;

қарыз ақшалай қаражаттарды қайтарумен байланысты ақшалай төлемдер;

жалгердің қаржылық лизингіне қатысты қаржылық міндеттемелердің азаю есебінен ақшалай төлемдері;

өзге де.

Шетел валютасындағы операциялардан түскен ақшалар қозғалысы –операция жүзеге асырылған күні валюта айырбастаудың нарықтық бағамын қолданумен, теңгеге аударылған шетел валютасындағы операциялардан түскен ақшалай қаражаттардың қозғалысы. Шетелдік валютадағы операциялар - шетелдік валютадағы төлемдер, сондай-ақ шетелдік валютада жасалатын мәмілелер болып саналады:

құны шетелдік валютада көрсетілген тауарларды немесе қызметтерді алу немесе сату;

төлем немесе алу сомасы шетелдік валютада белгіленген қарыздарды алу немесе ұсыну;

шетел валютасында өрнектелген активтерді сатып алу немесе өткізу, міндеттемелерді өз басына алу немесе өтеу.

Одан басқа шетелдік валютадағы операцияларға шетелдік валютасына байлаулы операциялар бойынша ұлттық валютадағы төлемдердің жүзеге асырылуы жатады.

Операциялық, инвестициялық, қаржылық қызметтен түскен ақшалай қаражаттардың таза сомасы операциялық, инвестициялық, қаржылық қызметтерден түскен ақшалай қаражаттардың түсімі және істен шығуының айырмасы ретінде анықталады.

11. 7-бөлімнің 7-жолы бойынша шетел валютасындағы таза позиция шетел валютасындағы активтер мен шетел валютасындағы міндеттемелер арасындағы айырмашылық ретінде анықталады.

12. 8-бөлім бойынша. Бөлім есепті жылдың қорытындысы бойынша алғашқы ( қойма есебінің карточкалары, актілер, тізілімдер, жүк-құжаттар, шот-фактуралар, талаптар, лимиттік жинақтама карталар, азық-түліктер мен материалдардың есеп кітаптары, түгендеу тіркелімі және тағы басқалары) және бухгалтерлік есептің ( айналым ведомосы, материалдар қозғалысы туралы есептер, анықтама-калькуляциялар, журнал-ордерлер) деректеріне қатаң сәйкестікте толтырылады.

Құндық көріністегі барлық көрсеткіштер ондық таңбасыз мың теңгемен сауда және көлік үстеме бағаларын есепке алумен, бірақ қосымша құн салығы және акцизсіз толтырылады.

"Пайдаланылған тауарлар мен қызметтер" бағанындағы "Барлығы" қорытынды жолында шаруашылық қызметі процесінде тұтынылған барлық тауарлар мен

көрсетілетін қызметтердің жиынтық құны көрсетіледі. Бұл жол бойынша деректер қызметтің негізгі түрі бойынша және қосалқы (негізгі емес) қызмет түрлері бойынша деректерді қоса, жалпы алғанда кәсіпорын бойынша жүргізіледі. Қайта сату үшін сатып алынған тауарлардың құны енгізілмейді.

Негізгі қорларға жататын тауарлар бойынша тек ағымдағы жөндеу, құрылыс жұмыстары бойынша ғимараттар мен имараттарды ағымдағы жөндеу көрсетіледі. Тауар немесе қызметтің өндіруші сатып алған кезінде емес, өндіріс процесіне олардың кіруі кезінде ескеріледі, бөлімде кәсіпорынның өз өндірістік қызметінде қандай және қанша тауар мен қызметті пайдаланғандығы көрсетіледі.

Өнімдер (тауарлар, көрсетілетін қызметтер), (шикізаттар, материалдар, отын, энергия, сатып алынатын жартылай фабрикаттар мен құрастырушы бұйымдар және тағы басқалар) шығындар туралы деректер "Шығыстар" 2-бөлімінде көрсетілген шығыстарға сәйкес келеді.

"Қорлар" бағаны (2, 3-бағандар) бойынша "Барлығы" қорытынды жолында шикізат пен материалды, дайын өнімді қоса алғанда меншік құқығына тиесілі тауарлық-материалдық қорлардың жиынтық құны көрсетіледі.

Қорлар туралы деректер аяқталмаған өндірістің құнын ескерусіз тауарлардың түрлері бойынша талданып келтіріледі.

Өнімдердің (тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің) түрлері бойынша шығындар мен қорларды дұрыс бөлу үшін Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының интернет-ресурсында (https:// cabinet.stat.gov.kz/)орналасқан, 6 белгіге дейінгі Экономикалық қызмет түрлері бойынша өнім жіктеуіші (бұдан әрі – ЭҚТӨЖ) пайдаланылады. Бөлімде тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді өндіру процесінде пайдаланылған 20-30 атау (ЭҚТӨЖ бойынша) және пайдаланылатын тауарлар мен қызметтердің жалпы сомасынан 50%-дан кем емес сәйкес тауарлық-материалдық қорлар көрсетіледі.

13. 9-бөлім бойынша. Қызметкерлердің орташа жылдық тізімдік саны есепті жылдың барлық айларындағы орташа алғанда қызметкерлердің орташа санын қосу және алынған қосындыны 12-ге бөлу жолымен анықталады.

Өндірістің жалпы көлеміндегі аумақтық бөлімшелердің үлесі құрылымдық бөлімшенің қызмет көрсетуі мен өндірілген өнімнің көлемі бас кәсіпорынның қызмет көрсетуі мен өндірілген өнімнің жалпы көлеміне қатынасы сияқты есептелінеді, пайызбен.

14. Осы статистикалық нысанды ұсыну қағаз жеткізгіште немесе электрондық түрде жүзеге асырылады. Статистикалық нысанды электрондық түрде толтыру Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының интернет-ресурсында (https://cabinet.stat.gov.kz/) орналастырылған " Деректерді он-лайн режимде жинау" ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

15. Ескертпе: Х – осы позиция толтыруға жатпайды.

16. Арифметикалық-логикалық бақылау:

1) әр жолдар мен бағандар бойынша барлық көрсеткіштер – оң сандар (1-бөлімнің 1.3, 1.4 - жолдарынан, 3 - бөлімнің 3, 10 - жолдарынан, 5-бөлімнің 28, 30 - жолдарынан, 6-бөлімнің 3, 6, 9, 10 - жолдарынан, 7-бөлімнің 7 - жолынан басқа).

2) 2-бөлім:

7-жол = әрбір баған үшін 1, 2, 3, 4, 5, 6 - жолдар қосындысына.

3) 3-бөлім:

3-жол = әрбір баған үшін 1-жол – 2 - жол;

10-жол = 3 + 4 + 5-жолдар – 6 – 7 – 8 – 9 - жолдар әрбір баған үшін;

Егер кәсіпорын саудамен айналысатын болса, онда 3-бөлімнің 1.1-жолы ≠ 0.

4) 5-бөлім:

1-жол > 1, 2-бағандар бойынша ∑1.1-1.3 - жолдар;

6-жол = әрбір баған үшін 1, 2, 3, 4, 5 - жолдар қосындысына;

13-жол = 7, 8, 9, 10, 11, 12 дейінгі жолдар қосындысына әрбір баған үшін;

14-жол = 6, 13-жолдар қосындысына әрбір баған үшін;

19-жол = 15, 16, 17, 18 - жолдар қосындысына әрбір баған үшін;

23-жол = 20, 21, 22 - жолдар қосындысына әрбір баған үшін;

30-жол = 24, 25, 26, 27, 28, 29 дейінгі жолдар қосындысына әрбір баған үшін;

31-жол = 19, 23, 30 - жолдар қосындысына әрбір баған үшін;

14-жол = 31 - жол әрбір баған үшін.

5) 6-бөлім:

3-жол = 1-жол – 2 - жол әрбір баған үшін;

6-жол = 4-жол – 5 - жол әрбір баған үшін;

9-жол = 7-жол – 8 - жол әрбір баған үшін;

10-жол = 3, 6, 9 - жолдар қосындысына әрбір баған үшін.

6) 7-бөлім:

3-жол = 1, 2 - жолдар қосындысына әрбір баған үшін;

6-жол =4, 5 - жолдар қосындысына әрбір баған үшін;

7-жол = 3-жол – 6-жол әрбір баған үшін.

7) Бөлімдер арасындағы бақылау:

1-бөлім 1-бағанының 1.3-жолы = 5-бөлімнің 4.2-жолы (1-баған – 2-баған);

1-бөлім 1-бағанының 1.4-жолы = 5-бөлімнің 4.4-жолы (1-баған – 2-баған);

2-бөлім 8-бағанының 7-жолы = 3-бөлім1-бағанының 6, 7, 8, 9 - жолдарының қосындысына;

5-бөлім 2-бағанының 1-жолы +/– 6-бөлім 1-бағанының 10-жолы = 5-бөлім 1-бағанының 1-жолы;

5-бөлім 1-бағанының 14-жолы ≥ 7-бөлім 1-бағанының 3-жолы;

5-бөлім 1-бағанының 19, 23-жолдары қосындысы ≥ 7-бөлім 1-бағанының 6-жолы;

5-бөлім 1-бағанының 1-жолы ≥ 7-бөлім 1-бағанының 1.1-жолы;

5-бөлім 1-бағанының 2-жолы ≥ 7-бөлім 1-бағанының 1.2-жолы;
5-бөлім 1-бағанының 3-жолы ≥ 7-бөлім 1-бағанының 1.3-жолы ;
5-бөлім 1-бағанының 7-жолы ≥ 7-бөлім 1-бағанының 2.1-жолы;
5-бөлім 1-бағанының 8-жолы ≥ 7-бөлім 1-бағанының 2.2-жолы;
5-бөлім 1-бағанының 13-жолы ≥ 7-бөлім 1-бағанының 2-жолы;
5-бөлім 1-бағанының 15-жолы ≥ 7-бөлім 1-бағанының 4.1-жолы;
5-бөлім 1-бағанының 15.1-жолы ≥ 7-бөлім 1-бағанының 4.1.1-жолы;
5-бөлім 1-бағанының 18-жолы ≥ 7-бөлім 1-бағанының 4.3-жолы;
5-бөлім 1-бағанының 20-жолы ≥ 7-бөлім 1-бағанының 5.1-жолы;
5-бөлім 1-бағанының 23-жолы ≥ 7-бөлім 1-бағанының 5-жолы.

8-бөлім 1-бағанының "Барлығы" жолы ≤ 2-бөлім 1-бағанының 1, 6.3, 6.4-жолдары қосындысына – рұқсат етілетін бақылау;

8-бөлім 2-бағанының "Барлығы" жолы ≤ 5-бөлім 2-бағанының 4-жолы;

8-бөлім 3-бағанының "Барлығы" жолы ≤ 5-бөлім 1-бағанының 4-жолы.

8) 8-бөлім:

"Барлығы" жолы ≥ ∑ "Негізгі қызмет түрі бойынша" жолынан төмен орналасқан барлық жолдар;

"Негізгі қызмет түрі бойынша" жолы ≥ ∑ төмен орналасқан жолдар;

1, 2, 3 бағандар ≥ 0 барлық жолдар бойынша.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика
министрлігінің
Статистика комитеті
төрағасының
2020 жылғы 4 ақпандағы
№ 14 бұйрығына
5-қосымша

Ескерту. 5-қосымша алып тасталды - ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 04.08.2023 № 16 (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика
министрлігінің
Статистика комитеті
төрағасының
2020 жылғы 4 ақпандағы
№ 14 бұйрығына
6-қосымша

**"Микрокредиттік қызмет туралы есеп" (индексі 1-МКО, кезеңділігі тоқсандық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық**

Ескерту. 6-қосымша алып тасталды - ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 04.08.2023 № 16 (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика
министрлігінің
Статистика комитеті
төрағасының
2020 жылғы 4 ақпандағы
№ 14 бұйрығына
7-қосымша

Ескерту. 7-қосымша алып тасталды - ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының м.а. 01.02.2022 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика
министрлігінің
Статистика комитеті
төрағасының
2020 жылғы 4 ақпандағы
№ 14 бұйрығына
8-қосымша

**"Микрокредиттік қызмет туралы есеп" (индексі 1-МКО, кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық**

Ескерту. 8-қосымша алып тасталды - ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының м.а. 01.02.2022 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика
министрлігінің Статистика
комитеті төрағасының
2020 жылғы 4 ақпандағы
№ 14 бұйрығына
9-қосымша

Ескерту. 9-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 01.07.2024 № 16 ( 01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

| | | |
|---|---|---|
| | Мемлекеттік статистика органдары құпиялылығына кепілдік береді<br>Конфиденциальность гарантируется органами государственной статистики | Приложение 9 к приказу Председателя |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| | Жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны<br>Статистическая форма общегосударственного статистического наблюдения | Комитета по статистике Министерства национальной экономики Республики Казахстан от 4 февраля 2020 года № 14 |

Шағын кәсіпорынның қызметі туралы есеп
Отчет о деятельности малого предприятия

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Индексі<br>Индекс | 2-МП | есепті кезең<br>отчетный период | тоқсандық<br>квартальная | | тоқсан<br>квартал | жыл год |

Қызметкерлерінің тізімдік саны 100 адамнан аспайтын, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалар және (немесе) шетелдік заңды тұлғалардың филиалдары ұсынады. Статистикалық нысанды білім беру, денсаулық сақтау ұйымдары, банктер, сақтандыру ұйымдары, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, қоғамдық бірлестіктер, қоғамдық қорлар ұсынбайды

Представляют юридические лица и (или) филиалы иностранных юридических лиц, осуществляющие предпринимательскую деятельность, со списочной численностью работников не более 100 человек. Не представляют статистическую форму организации образования, здравоохранения, банки, страховые организации, единый накопительный пенсионный фонд, общественные объединения, общественные фонды

Ұсыну мерзімі - есепті кезеңнен кейінгі 25-күнге (қоса алғанда) дейін.
Срок представления - до 25 числа (включительно) после отчетного периода.

БСН коды
код БИН

## 1. Қызметкерлер санын көрсетіңіз, адам
## Укажите численность работников, человек

| Жол коды<br>Код строки | Көрсеткіштератауы<br>Наименование показателей | Есепті кезеңге<br>За отчетный период |
|---|---|---|
| А | Б | 1 |
| | Есепті кезеңге орташа алғандағы қызметкерлердің тізімдік саны | |

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Списочная численность работников в среднем за отчетный период | |
| 2 | Қызметтіқосаатқарубойынша (басқаұйымдардан) қабылданғанқызметкерлер саны<br>Численность работников, принятых по совместительству (из других организаций) | |
| 3 | Жұмыстықұқықтық-азаматтықсипаттағышарттар бойынша орындайтынқызметкерлердің саны<br>Численность работников, выполняющих работы по договорам гражданско-правового характера | |
| 4 | Қызметкерлер саны, барлығы<br>Численность работников, всего | |
| 5 | Қызметкерлердің нақты саны (орташа жалақыны есептеу үшін қабылданатын)<br>Фактическая численность работников (принимаемая для исчисления средней заработной платы) | |
| 6 | Барлыққызметкерлердіңнақтыатқарғанадам-сағатының саны, адам-сағат<br>Число фактически отработанных человеко-часов всеми работниками,человеко-часов | |

2. Өндірілген өнім, орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтердің көлемі, өнімдерді өткізу мен қызметтерді көрсетуден түскен кірістуралы ақпаратты көрсетіңіз, мың теңге

Укажите информацию об объеме произведенной продукции, выполненных работ и оказанных услуг, доходе от реализации продукции и оказания услуг, тысяч тенге

| Жол коды<br>Код строки | Көрсеткіштератауы<br>Наименование показателей | Өндірілген өнім, орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтердің көлемі<br>Объем произведенной продукции, выполненных работ и оказанных услуг | Өнімдерді өткізу мен қызметтерді көрсетуден түскен кіріс<br>Доход от реализации продукции и оказания услуг |
|---|---|---|---|
| А | Б | 1 | 2 |
| 1 | Барлығы<br>Всего | | |
| 1.1 | қызметтің негізгі түрі<br>основной вид деятельности | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1.2 | қызметтің қосалқы түрі вторичный вид деятельности | | |

2.1.Қызметтің қосалқы түрлері бөлінісіндегі өндірілген өнім, орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтердің көлемі, өнімдерді өткізу мен қызметтерді көрсетуден түскен кірістуралы ақпаратты көрсетіңіз, мың теңге

Укажите информацию об объеме произведенной продукции, выполненных работ и оказанных услуг, доходе от реализации продукции и оказания услуг в разрезе вторичных видов деятельности, тысяч тенге

| Жол коды Код строки | ЭҚЖЖ1 бойынша қызмет түрінің атауы (5 таңбалы) Наименование вида деятельности поОКЭД1 (5-ти значный) | ЭҚЖЖ коды (5 таңбалы) Код ОКЭД (5-ти значный) | Өндірілген өнім, орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтердің көлемі Объем произведенной продукции, выполненных работ и оказанных услуг | Өнімдерді өткізу мен қызметтерді көрсетуден түскен кіріс Доход от реализации продукции и оказания услуг |
|---|---|---|---|---|
| А | Б | В | 1 | 2 |
| 1 | | | | |
| 2 | | | | |

Жалғасы

Продолжение

| Жол коды Код строки | ЭҚЖЖ[1] бойынша қызмет түрінің атауы (5 таңбалы) Наименование вида деятельности по ОКЭД[1](5-ти значный) | ЭҚЖЖ коды (5 таңбалы) Код ОКЭД[1](5-ти значный) | Өндірілген өнім, орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтердің көлемі Объем произведенной продукции, выполненных работ и оказанных услуг | Өнімдерді өткізу мен қызметтерді көрсетуден түскен кіріс Доход от реализации продукции и оказания услуг |
|---|---|---|---|---|
| А | Б | В | 1 | 2 |
| 3 | | | | |
| 4 | | | | |
| 5 | | | | |

Ескертпе:

Примечание:

[1]Мұнда және бұдан әрі ЭҚЖЖ 5 таңбалы - Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының

интернет-ресурсында "Жіктеуіштер" бөлімінде орналасқан "Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішіне" сәйкес толтырылады

[1] Здесь и далее ОКЭД 5-ти значный - заполняется согласно "Общему классификатору видов экономической деятельности", размещенному на интернет-ресурсе Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан в разделе "Классификаторы"

3. Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижесін көрсетіңіз, мың теңге

Укажите результат финансово-хозяйственной деятельности предприятия, тысяч тенге

| Жол коды<br>Код строки | Көрсеткіштератауы<br>Наименование показателей | Есепті кезеңге<br>За отчетный период |
|---|---|---|
| А | Б | 1 |
| 1 | Өнімдерді өткізу мен қызметтерді көрсетуден түскен кіріс<br>Доход от реализации продукции и оказания услуг | |
| 1.1 | одан қайта сату үшін сатып алынған тауарларды өткізуден түскен кіріс<br>из негодоход от реализации товаров, приобретенных для перепродажи | |
| 2 | Өткізілген өнім мен көрсетілген қызметтердің өзіндік құны<br>Себестоимость реализованной продукции и оказанных услуг | |
| 3 | Жалпыпайда<br>Валовая прибыль | |
| 4 | Қаржыландырудан түскен кірістер<br>Доходы от финансирования | |
| 5 | Өзге де кірістер<br>Прочие доходы | |
| 6 | Өнімдерді өткізу мен қызметтерді көрсету бойынша шығыстар<br>Расходы по реализации продукции и оказанию услуг | |
| 7 | Әкімшілік шығыстар<br>Административные расходы | |
| 8 | Қаржыландыруға жұмсалған шығыстар<br>Расходы на финансирование | |
| 9 | Өзге де шығыстар<br>Прочие расходы | |
| 10 | Салық салынғанға дейінгі пайда (залал) | |

| | | |
|---|---|---|
| | Прибыль (убыток) до налогообложения | |
| 11 | Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар<br>Расходы по корпоративному подоходному налогу | |
| 12 | Жиынтықпайда (залал)<br>Итоговая прибыль (убыток) | |

4. Кәсіпорынның шығыстары туралы ақпаратты көрсетіңіз, мың теңге
Укажите информацию о расходах предприятия, тысяч тенге

| Жол коды<br>Код строки | Көрсеткіштератауы<br>Наименование показателей | Барлығы<br>Всего | Соның ішінде<br>В том числе | |
|---|---|---|---|---|
| | | | өндірістік шығыстар<br>производствен-ные расходы | өндірістік емес шығыстар<br>непроизвод-ственн ые расходы |
| А | Б | 1 | 2 | 3 |
| 1 | Материалдықшығындар, барлығы<br>Материальные затраты, всего | | | |
| | оның ішінде<br>в том числе | x | x | x |
| 1.1 | шикізатпенматериалдар<br>сырье и материалы | | | |
| 1.2 | сатыпалынғанжартылай фабрикаттармен жиынтықтаушыбұйымдар<br>покупные полуфабрикаты и комплектующие изделия | | | |
| 1.3 | отын<br>топливо | | | |
| 1.4 | энергия<br>энергия | | | |
| 1.5 | өзге материалдар<br>прочие материалы | | | |
| 2 | Амортизация, барлығы<br>Амортизация, всего | | | |
| 3 | Қызметкерлердің жалақы қоры<br>Фонд заработной платы работников | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 4 | Кәсіпорынқаражаты есебіненқызметкерлергеақшалайжәрдемақы<br>Денежные пособия работникам за счет средств предприятия | | | |
| 5 | Өзге де шығындар<br>Прочие затраты | | | |
| | оның ішінде<br>в том числе | x | x | x |
| 5.1 | шығысқа жатқызылатын салықтар мен басқа да міндетті төлемдер (корпоративтік табыс салығынсыз, акциздерсіз және ҚҚС[2]-сыз) – барлығы<br>налоги и другие обязательные платежи, относимые на расходы (без корпоративного подоходного налога, акцизов и НДС[2]) – всего | | | |
| | олардан<br>из них | x | x | x |
| 5.1.1 | әлеуметтік сақтандыру бойынша аударымдар<br>отчисления по социальному страхованию | | | |
| 5.2 | қызметтік іссапар кезіндегі тәулікақы<br>суточные во время служебных командировок | | | |
| 5.3 | банк қарызы бойынша сыйақылар<br>вознаграждения по банковскому займу | | | |
| 5.4 | басқада шығындар<br>другие затраты | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 6 | Шығыстар, барлығы<br>Расходы, всего | | | |

Ескертпе:

Примечание:

[2]ҚҚС – қосылған құн салығы

[2] НДС – налог на добавленную стоимость

5. Активтер туралы ақпаратты көрсетіңіз, мың теңге

Укажите информацию об активах, тысяч тенге

| Жол коды<br>Код строки | Көрсеткіштер атауы<br>Наименование показателей | Кезең соңына<br>На конец периода | Кезең басына<br>На начало периода |
|---|---|---|---|
| А | Б | 1 | 2 |
| 1 | Активтер, барлығы<br>Активы, всего | | |
| | одан<br>из него | | |
| 2 | қорлар<br>запасы | | |
| | оның ішінде<br>в том числе | x | x |
| 2.1 | қайта сатуға арналған тауарлар<br>товары для перепродажи | | |
| 2.2 | дайын өнімдер<br>готовая продукция | | |
| 2.3 | шикізат пен материалдар<br>сырье и материалы | | |
| 2.4 | аяқталмаған өндіріс<br>незавершенное производство | | |

6. Статистикалық нысанды толтыруға жұмсалған уақытты, сағатпен (қажеттісін қоршаңыз

Укажите время, затраченное на заполнение статистической формы, в часах (нужное обвести)

| 1 сағатқа дейін | 1-2 | 2-4 | 4-8 | 8-40 | 40 сағаттан артық |
|---|---|---|---|---|---|
| до 1 часа | | | | | более 40 часов |

Атауы Мекенжайы (респонденттің)

Наименование ________________________ Адрес (респондента) ____________________

Телефоны (респонденттің)

Телефон (респондента) __________________ ____________________________________

стационарлық ұялы
стационарный мобильный
Электрондық пошта мекенжайы (респонденттің)
Адрес электронной почты (респондента) ________________________________________
_
Орындаушы
Исполнитель ________________________________________ ________________________
__
тегі, аты және әкесінің аты қолы, телефоны (орындаушының)
фамилия, имя и отчество подпись, телефон (исполнителя)
Бас бухгалтер
Главный бухгалтер __________________________________________ ________________
___
тегі, аты және әкесінің аты қолы (бас бухгалтер)
фамилия, имя и отчество подпись (главный бухгалтера)
Басшы немесе оның міндетін атқарушы тұлға
Руководитель или лицо, исполняющее его обязанности ________________ __________
___
тегі, аты және әкесінің аты қолы
фамилия, имя и отчество подпись
Ескертпе:
Примечание:

Мемлекеттік статистиканың тиісті органдарына анық емес бастапқы статистикалық деректерді ұсыну және бастапқы статистикалық деректерді белгіленген мерзімде ұсынбау "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 497-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар болып табылады.

Представление недостоверных и непредставление первичных статистических данных в соответствующие органы государственной статистики в установленный срок являются административными правонарушениями, предусмотренными статьей 497 Кодекса Республики Казахстан "Об административных правонарушениях".

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика
министрлігінің Статистика
комитеті төрағасының
2020 жылғы 4 ақпандағы
№ 14 бұйрығына
10-қосымша

**"Шағын кәсіпорын қызметі туралы есеп" (индексі 2-МП, кезеңділігі тоқсандық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық**

Ескерту. 10-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 01.07.2024 № 16 ( 01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы "Шағын кәсіпорын қызметі туралы есеп" (индексі 2-МП, кезеңділігі тоқсандық) (бұдан әрі – Нұсқаулық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық "Шағын кәсіпорын қызметі туралы есеп" (индексі 2-МП, кезеңділігі тоқсандық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын (бұдан әрі – статистикалық нысан) толтыруды нақтылайды.

2. Осы нұсқаулықта келесі анықтама пайдаланылады:

1) активтер – ұйымдардың өткен оқиғалар нәтижесінде бақылап отырған, болашақта олардан экономикалық пайда алу күтілетін ресурстар;

2) алыс – беріс шикізаты – ол тапсырыс берушіге тиесілі, басқа кәсіпорындарға одан өнім өндіру үшін өнеркәсіптік өңдеуге берілген шикізат;

3) амортизация – активтің пайдалы қолдану мерзімі ішінде активті сатып алу құнының өнімнің өзіндік құнына немесе шығысқа біртe-біртe көшу процесі;

4) аяқталмаған өндіріс (құрылыс, жартылай дайын өнімдер, құралдар, өзі жасап шығарған көмекші құрылғылар) – технологиялық процесте алдын ала қарастырылған барлық өңдеу сатыларынан өтпеген және өндіріс процесіндегі өңдеудегі (өндірістік процестің барлық сатыларындағы, дайындалған бірақ толығымен жинақталмаған бөлшектер мен жартылай дайын фабрикаттар) өнім;

5) әкімшілік шығыстар – өндірістік процестерге байланыссыз басқару және шаруашылық шығыстары;

6) жұмысты азаматтық-құқықтық шарттар бойынша орындайтын адамдар ұйымның ішкі тәртібіне бағынбай жүзеге асырылатын, белгіленген белгілі бір жұмысты (бір жолғы, арнайы, шаруашылық жұмыстың нақты көлемін орындау үшін) орындау уақытына ғана немесе келісімшарт бойынша қабылданғандар;

7) кәсіпорын қаражаты есебінен қызметкерлерге ақшалай жәрдемақы – ұйымның жойылуы, қызметкерлер санының немесе штатының қысқаруы нәтижесінде төленетін өтемақылар, қызметкерге біржолғы тәртіппен көрсетілетін материалдық көмек (үйлену, бала туу), уақытша еңбекке қабілетсіздік бойынша әлеуметтік өтемақылар (жалпы аурулар, жүктілік және бала туу, бала асырап алу), жарақаттануы немесе жұмыс берушінің кінәсінен денсаулығының өзге де бұзылуына байланысты келтірілген залалды өтеуге төленетін төлемдер (сақтандыру өтемі жоқ болған жағдайда);

8) кәсіпорынның қосалқы қызмет түрі – үшінші жаққа арнап азық-түлік өндіру мақсатында іске асырылатын негізгіден өзге қызмет түрі;

9) кәсіпорынның негізгі қызмет түрі – қосылған құны субъект жүзеге асыратын қызметтің кез келген басқа түрінің қосылған құнынан асатын қызмет түрі;

10) корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар – қолданыстағы салық туралы заңнамаға сәйкес анықталатын корпоративтік табыс салығына жұмсалатын шығыстар;

11) қаржыландыруға жұмсалатын шығыстар – сыйақы бойынша қаржылық жалгерлік пайыздарын төлеуге, қаржы құралдарының әділ құнының өзгеруінен болған шығыстар және қаржыландыруға жұмсалған өзге де шығыстар;

12) қаржыландырудан түсетін кірістер – сыйақы бойынша, қаржылық жалгерліктен, жылжымайтын мүлікке инвестиция салу операцияларынан, қаржы құралдарының әділ құнының өзгеруінен түсетін кірістер және қаржыландырудан түсетін өзге де кірістер;

13) қоса атқарушылық – қызметкердің негізгі жұмысынан бос уақытында еңбек шарты жағдайында басқа тұрақты төленетін жұмысты орындауы;

14) қорлар – кәсіпорындардың көрсетілетін қызметті ұсынғанда немесе сату кезінде өндіріс процесінде пайдалануға арналған қысқа мерзімді активтері;

15) қызметкерлердің жалақы қоры – ұйымдардың қызметкерлерге еңбекақы төлеуге арналған ақшалай және заттай түрдегі (лауазымдық айлықақылар (тарифтік мөлшерлемелер), қосымша төлемдер, үстемеақылар, сыйлықақылар және өзге де ынталандыру мен өтемдік сипаттағы төлемдер) салық және басқа да ұстап қалулар ескерілген (табыс салығы, жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарнасы), қаржыландыру көзі мен оларды нақты төлеу мерзіміне қарамастан жиынтық ақшалай қаражаттары;

16) қызметкерлердің нақты саны (орташа жалақыны есептеу үшін алынатын) – жұмысқа ресми тіркелген қызметкерлердің жекелеген санаттары шегерілген тізімдік құрамдағы қызметкерлердің саны (жүктілікке және босануға, бала күтіміне байланысты және басқа да демалыстарда жүрген адамдар);

17) қызметкерлердің тізімдік саны – азаматтық-құқықтық шарт бойынша жұмыс істейтін адамдардан басқа, оны жасасу мерзіміне қарамастан еңбек шарты бойынша қабылданған адамдар, сондай-ақ қоса атқарушылық бойынша жұмысқа қабылданғандар саны;

18) материалдық шығындар – жабдықтау, делдалдық, сыртқы экономикалық ұйымдарға төленген үстеме баға (үстемеақы), комиссиялық сыйақылар, тауар биржасы қызметінің құны, кеден бажы, бөгде ұйымдардың және кәсіпорынның қызметкерлері болып табылмайтын жеке тұлғалардың күштерімен жүзеге асырылатын тасымалдауға, сақтауға және жеткізуге жұмсалатын шығыстарды қосқанда материалдық ресурстарды сатып алу (қосылған құн салығы (бұдан әрі – ҚҚС), акциз есебінсіз) бағасына қарай отырып қалыптасқан құны;

19) отын – технологиялық мақсаттарға, энергияның барлық түрлерін өндіруге, ғимараттарды жылытуға, кәсіпорын көлігі орындаған өндіріске қызмет көрсету бойынша көлік жұмыстарына жұмсалатын, шеттен сатып алынған және кәсіпорын өзі өндірген отынның барлық түрлерінің құны;

20) өзге де кірістер – активтердің істен шығуынан, өтеусіз алынған активтерден, мемлекеттік субсидиялардан, құнсызданудан пайда болған залалды қалпына келтіруден , бағамдық айырмадан, операциялық жалға беруден, биологиялық активтердің әділ бағасы өзгеруінен және басқалардан түскен кірістер;

21) өзге де шығыстар – кәдімгі қызмет процесіне тәуелсіз туындайтын өзге де өндірістік емес шығыстар: олар активтердің істен шығуы мен құнсыздануы, бағамдық айырма, резервтің жасалуы мен үмітсіз міндеттердің жойылуы, операциялық жалгерлік шығыстары, биологиялық активтер әділ бағасы өзгеруінің шығыстары және тағы басқалар;

22) өзінің қажеттіліктеріне (зауытішілік айналымға) пайдаланылған өнім – бұл заттай және құндық көріністердегі, кәсіпорын өндірген дайын өнімдер және жартылай фабрикаттар (осы кәсіпорынның негізгі құралдарының құрамына жататын өнімдерден басқа), оны кәсіпорын жеке өнеркәсіптік-өндірістік қажеттіліктеріне пайдаланады;

23) өндірілген өнім, орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтердің көлемі – барлық шығарылған өнім мен көрсетілген қызметтердің өндірушінің бағаларындағы құны;

24) өндірушінің бағасы – өнімнің өндірушіден тұтынушыға дейінгі қозғалысына байланысты ҚҚС-ты және акциздерді, өзге жанама салықтарды, сауда және өткізу үстеме бағаларын, көлік шығыстарын есепке алусыз "кәсіпорын қақпасынан" шыққан сәттен бастап өткізілетін өнім бірлігінің бағасы;

25) өндірістік шығыстар – қызметтің негізгі және қайталама түрлерінің өндірілген өнім мен көрсетілген қызметтерінің өзіндік құнын қалыптастыратын шығындар;

26) өндірістік емес шығыстар – өнім өткізу мен қызмет көрсету бойынша шығыстар, әкімшілік шығыстар, қаржыландыру шығыстары және басқа шығыстарды қамтитын кезең шығыстары;

27) өнімдерді өткізуден (тауарлар, жұмыстар және көрсетілетін қызметтер) түскен кіріс – ҚҚС, акциздерді, сондай-ақ қайтарылып берілген тауарлар құны, сатып алушыларға ұсынылған сауда жеңілдіктері мен баға жеңілдіктерін алып тастағанда алынған және алуға жататын сомасы;

28) өнімдер өткізу мен қызмет көрсету бойынша шығыстар – өнімдерді өткізу және қызмет көрсетулерге байланысты шығыстар (жалақы өткізім бөлімі қызметкерлерінің жалақысынан аударымдар, меншікті сақтандыру шығыстары, іссапар шығыстары, өтелімдік аударымдар мен жылжымайтын мүлік объектілерін ұстау, жүкті жөнелту пункттеріне дейін тасымалдау, жүк тиеу-түсіру бойынша шығыстар, маркетингілік қызмет көрсету бойынша шығыстар және басқа да ұқсас шығыстар);

29) өткізілген өнім мен көрсетілген қызметтердің өзіндік құны – жөнелтілген ( тиелген) дайын өнімнің (тауарлардың, қызметтердің) накты құны;

30) шикізат және материалдар, сатып алынатын жартылай фабрикаттар, жиынтықтаушы бұйымдар – көліктік дайындаушы шығыстар есебімен өнім өндіру және қызмет көрсету процесінде пайдаланылатын барлық материалдардың құны;

31) шығыстар – активтердің ығысып кетуі немесе азаюы немесе міндеттемелердің туындауы нысанында есепті кезеңнің ішінде экономикалық пайданың азаюы, олар капиталға қатысатын адамдарға бөлуге байланысты азайтудан ерекшеленетін капиталдың азаюына әкеп соқтырады;

32) энергия – субъектінің технологиялық, энергетикалық, қозғалтқыштық және басқа да өндірістік мұқтаждықтарына жұмсалатын сатып алынған энергияның барлық түрлерінің құны.

33) қайта сатуға арналған тауарлар – бұл көтерме немесе бөлшек сауда кәсіпорындарының клиенттерге қайта сату үшін сатып алатын тауарлары.

3. 2 және 2.1-бөлімдерінде өндірілген өнім, орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтер көлемі өткізілген өнімнің және көрсетілген қызмет көлемінің (қайта сату үшін сатылып алынған тауарлардың құнын, қосылған құн салығын, акциздерін есептемей), кәсіпорын ішінде пайдаланылған өнім мен көрсетілген қызметтің, сату үшін қоймаларда сақтаулы тұрған дайын өнім қорының өзгерісін, аяқталмаған өндіріс пен құрылыс қалдықтарының өсімін (кемуін) жиынтықтауды білдіреді.

Өнеркәсіп кәсіпорындары үшін өндірілген өнім, орындалған жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер көлемі өңделме шикізаттан өндірілген өнім құны және зауыт ішіндегі айналымдық құны ескере отырып келтіріледі.

Сауда қызметімен айналысатын кәсіпорындар үшін тауарды өткізуден түскен табыс пен тауарды сатып алу шығысының арасындағы айырма өндірілген өнім, орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтер көлемі

болып табылады. Тауарларды сатып алынған тауар бағасына тең немесе төмен баға бойынша сатқан жағдайда, сауда қызметі бойынша өндірілген өнім, орындалған жұмыстар және көрсетілген қызмет көлемі айналым шығындарының шамасына тең болады.

Айырбастау пункттері үшін валюта сату мен сатып алу құнының арасындағы айырма өндірілген өнім, орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтер көлемі болып табылады.

Алаңдар мен жабдықтарды жалға берумен айналысатын кәсіпорындар үшін шарт бойынша өзінің активтерін уақытша қолдануға беруден түскен кіріс өндірілген өнім, орындалған жұмыстар және көрсетілген қызметтердің көлемі болып табылады.

Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары, мейрамханалар үшін өндірілген өнім, орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтер көлемі дайын тағамды жеткізуді қоса алғанда, оның тауар айналымына теңестіріледі. Бұл ретте сатылған сусындар мен өнімдер материалдық шығындар болып табылады және өндірілген өнім көлеміне кіреді .

Қонақүйлер үшін мейрамхана қызметтерін қоса алғанда, қонақүй қызметтерін көрсетуден түскен табыс өндірілген өнім, орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтер көлемі болып табылады.

Қаржы делдалдығы (микрокредиттік ұйымдар, кредиттік серіктестіктер, ломбардтар және басқалар) үшін өндірілген өнім, орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтер көлемі қаржы делдалдары меншігінің табысы (өзінің меншікті құралдарын инвестициялау арқылы алған таза табыстан басқа) мен кредиторларға төленген пайыздардың айырмасы ретінде жанама жолмен анықталатын қызметтердің құны болып табылады.

2.1-бөлімінің көрсеткіштерін толтыру кезінде ұяшықтарда Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішіне сәйкес қызмет түрінің 5 таңбалы кодын көрсету керек.

Статистикалық есептерде "түзетпе" ұғымы пайдаланылмайды, сондықтан осындай жағдайлар туындаған кезде түзетпе жазба нақты шоттардың дебеттік немесе кредиттік айналымдарын арттыру (азайту) ретінде көрсетіледі

4. 3-бөлімнің 3-жолында жалпы пайда, өнімдерді өткізу мен қызметтер көрсетуден түскен табыс пен өткізілген өнім мен көрсетілген қызметтердің өзіндік құны арасындағы айырма ретінде анықталады.

10-жолда салық салынғанға дейінгі пайда (залал) – жалпы пайда қаржыландырудан түскен кіріс, өзге де табыстардың сомасы мен өнімді өткізу мен қызмет көрсету бойынша шығыстардың, қаржыландыруға арналған шығыстардың және өзге де шығыстар сомасының арасындағы айырма ретінде анықталады.

12-жолда жиынтық пайда (залал) – бұл салық салынғанға дейінгі пайда (залал) мен корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстардың айырмасы.

5. Осы статистикалық нысанды ұсыну қағаз жеткізгіште немесе электрондық түрде жүзеге асырылады. Статистикалық нысанды электрондық түрде толтыру Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының интернет-ресурсында (https://cabinet.stat.gov.kz/) орналастырылған " Деректерді он-лайн режимде жинау" ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

6. Ескертпе: Х – осы позиция толтыруға жатпайды.

7. Арифметикалық-логикалық бақылау:

1) 1-бөлім:

4-жол = 1-3-жолдар қосындысына;

2) 2-бөлім:

1-жол = 1.1, 1.2-жолдар қосындысына әрбір бағандар үшін;

3) 3-бөлім:

3-жол = 1-жол – 2-жол;

10-жол = 3-5 жолдар қосындысы – 6-жол – 7-жол – 8-жол – 9-жол;

12-жол = 10-жол – 11-жол;

4) 4-бөлім:

1-баған = 2, 3-бағандар қосындысына әрбір жол үшін ;
1-жол =1.1-1.5 жолдар қосындысына әрбір баған үшін;
5-жол ≥5.1-5.4 жолдар қосындысына әрбір жол үшін;
5.1-жол > 5.1.1 жолдан әрбір жол үшін;
6-жол = 1- 5 жолдар қосындысына әрбір баған үшін.
5) 5-бөлім:
1-жол ≥ 2-жолдан әрбір баған үшін;
2-жол = 2.1-2.6-жолдар қосындысына әрбір баған үшін;
6) Бөлімдер арасындағы бақылау:
2-бөлімнің 2-бағанының 1-жолы = 3-бөлімнің 1-жолына;
2.1-бөлімінің 1-5-жолдар қосындысы = 2-бөлімнің 1.2-жолының сәйкес бағандарына ;
4-бөлімнің 3-бағанының 6-жолы = 3-бөлімнің 6-9-жолдар қосындысына.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігінің
Статистика комитеті төрағасының
2020 жылғы 4 ақпандағы
№ 14 бұйрығына
11-қосымша

Ескерту. 11-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 01.07.2024 № 16 ( 01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| QAZSTAT | **Мемлекеттік статистика органдары құпиялылығына кепілдік береді**<br>Конфиденциальность гарантируется органами государственной статистики<br>**Жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны**<br>Статистическая форма общегосударственного статистического наблюдения | | | | | |
| **Шағын кәсіпорынның қызметі туралы есеп**<br>**Отчет о деятельности малого предприятия** | | | | | | |
| **Индексі**<br>**Индекс** | 2-МП | **Жылдық**<br>**Годовая** | **Есепті кезең**<br>**Отчетный период** | | **жыл**<br>**год** | |

**Қызметкерлерінің тізімдік саны 100 адамнан аспайтын, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалар және (немесе) шетелдік заңды тұлғалардың филиалдары ұсынады. Статистикалық нысанды білім**

**беру, денсаулық сақтау ұйымдары, банктер, сақтандыру ұйымдары, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, қоғамдық бірлестіктер, қоғамдық қорлар ұсынбайды.**

Представляют юридические лица и (или) филиалы иностранных юридических лиц, осуществляющие предпринимательскую деятельность, со списочной численностью работников не более 100 человек. Не представляют статистическую форму организации образования, здравоохранения, банки, страховые организации, единый накопительный пенсионный фонд, общественные объединения, общественные фонды.

**Ұсыну мерзімі – есепті кезеңнен кейінгі 31 наурызға (қоса алғанда) дейін**

Срок представления – до 31 марта (включительно) после отчетного периода

| | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **БСН коды**<br>код БИН | | | | | | | | | | | | |

## 1. Қызметкерлер санын көрсетіңіз, адам

Укажите численность работников, человек

| **Жол коды**<br>**Код строки** | **Көрсеткіштер атауы**<br>**Наименование показателей** | **Есепті жылға**<br>**За отчетный год** |
|---|---|---|
| А | Б | 1 |
| 1 | **Есепті кезеңге орташа алғандағы қызметкерлердің тізімдік саны**<br>Списочная численность работников в среднем за отчетный период | |
| 1.1 | **одан есепті кезеңге орташа алғандағы әйелдердің тізімдік саны**<br>из нее списочная численность женщин в среднем за отчетный период | |
| 2 | **Қызметті қоса атқару бойынша ( басқа ұйымдардан) қабылданған қызметкерлер саны**<br>Численность работников, принятых по совместительству (из других организаций) | |
| 3 | **Жұмысты құқықтық-азаматтық сипаттағы шарттар бойынша орындайтын қызметкерлердің саны**<br>Численность работников, выполняющих работы по договорам гражданско-правового характера | |
| 4 | **Қызметкерлер саны, барлығы**<br>Численность работников, всего | |
| | **Қызметкерлердің нақты саны ( орташа жалақыны есептеу үшін қабылданатын)** | |

| | | |
|---|---|---|
| 5 | Фактическая численность работников (принимаемая для исчисления средней заработной платы) | |
| 5.1 | **одан әйелдердің нақты саны**<br>из нее фактическая численность женщин | |
| 6 | **Барлық қызметкерлердің нақты атқарған адам-сағатының саны, адам-сағат**<br>Число фактически отработанных человеко-часов всеми работниками, человеко-часов | |
| 6.1 | **одан әйелдердің атқарғаны**<br>из них отработано женщинами | |
| 7 | **Шағын кәсіпорындарда толық емес жұмыс күні немесе толық емес жұмыс аптасымен жұмыс істейтіндердің саны, адам**<br>Численность работающих неполный рабочий день или неполную рабочую неделю на малых предприятиях, человек | |
| 8 | **Шағын кәсіпорындарда өндірістің бос тұрып қалуына байланысты уақытша жұмыс істемейтін қызметкерлердің саны, адам**<br>Численность работников, временно неработающих в связи с простоем производства на малых предприятиях, человек | |
| 9 | **Шағын кәсіпорындарда қашықтан жұмыс істейтін қызметкерлердің саны, адам**<br>Численность работающих на дистанционной работе на малых предприятиях, человек | |

## 1.1. Жұмыс күшінің қозғалысын көрсетіңіз, адам

Укажите движение рабочей силы, человек

| **Жол коды**<br>**Код строки** | **Көрсеткіштер атауы**<br>**Наименование показателей** | **Есепті жылға**<br>**За отчетный год** | **1-бағаннан әйелдер**<br>**Из графы 1 женщин** |
|---|---|---|---|
| А | Б | 1 | 2 |
| 1 | **Жыл басына қызметкерлердің тізімдік саны**<br>Списочная численность работников на начало года | | |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 2 | **Қабылданған қызметкерлер**<br>Принято работников | | |
| | олардан:<br>из них: | х | х |
| 2.1 | **жаңадан құрылған жұмыс орындарына**<br>на вновь созданные рабочие места | | |
| 2.2 | **жыл басына мүгедектігі бар қызметкерлер**<br>работников, имеющих инвалидность на начало года | | |
| 3 | **Жұмыстан шыққан қызметкерлер**<br>Выбыло работников | | |
| | **олардан**<br>из них | х | х |
| 3.1 | **персонал санын қысқартуға байланысты**<br>в связи с сокращением численности персонала | | |
| 3.2 | **кәсіпорынның таратылуына байланысты**<br>в связи с ликвидацией предприятия | | |
| 3.3 | **біліктілігінің жетіспеуі салдарынан қызметкердің атқаратын лауазымына немесе орындайтын жұмысына сәйкес келмеуіне байланысты**<br>в связи с несоответствием занимаемой должности или выполняемой работе вследствие недостаточной квалификации | | |
| 3.4 | **еңбек тәртібін бұзуына байланысты**<br>в связи с нарушением трудовой дисциплины | | |
| 3.5 | **тараптардың еркінен тыс мән-жайларға байланысты**<br>в связи с обстоятельствами не | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | зависящими от воли сторон | | |
| 3.6 | **өз еркі бойынша ( қызметкердің бастамасы бойынша)**<br>по собственному желанию (по инициативе работника) | | |
| 3.7 | **басқа да себептер бойынша**<br>по другим причинам | | |
| 4 | **Жыл соңына қызметкерлердің тізімдік саны**<br>Списочная численность работников на конец года | | |
| | **оның ішінде мынадай жастағы адамдар:**<br>в том числе лица в возрасте: | х | х |
| 4.1 | **14 – 15 жас**<br>лет | | х |
| 4.2 | **16 – 28 жас**<br>лет | | х |
| 4.3 | **29 – 49 жас**<br>лет | | х |
| 4.4 | **50 жас және үлкен**<br>лет и старше | | х |
| 5 | **4-жолдан:**<br>**жыл соңына жұмыс істейтін зейнеткерлер**<br>из строки 4:<br>работающие пенсионеры на конец года | | х |
| 6 | **4-жолдан:**<br>**жыл соңына мүгедектігі бар қызметкерлер**<br>из строки 4:<br>работники, имеющие инвалидность на конец года | | |
| 7 | **4-жолдан:**<br>**жыл соңына "жасыл жұмыс орындарында" жұмыс істейтіндердің саны**<br>из строки 4: | | х |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | численность работающих на "зеленых рабочих местах" на конец года | | |
| 8 | **Жыл соңына кәсіпорындағы бос орындардың саны**<br>Число вакантных мест на предприятии на конец года | | |

**2. Өндірілген өнім, орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтердің көлемі, өнімдерді өткізу мен қызметтерді көрсетуден түскен кіріс туралы ақпаратты көрсетіңіз, мың теңге**

Укажите информацию об объеме произведенной продукции, выполненных работ и оказанных услуг, доходе от реализации продукции и оказания услуг, тысяч тенге

| **Жол коды**<br>**Код строки** | **Көрсеткіштер атауы**<br>**Наименование показателей** | **Өндірілген өнім, орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтердің көлемі**<br>**Объем произведенной продукции, выполненных работ и оказанных услуг** | **Өнімдерді өткізу мен қызметтерді көрсетуден түскен кіріс**<br>**Доход от реализации продукции и оказания услуг** |
|---|---|---|---|
| А | Б | 1 | 2 |
| 1 | **Барлығы**<br>**Всего** | | |
| 1.1 | **қызметтің негізгі түрі**<br>**основной вид деятельности** | | |
| 1.2 | **қызметтің қосалқы түрі**<br>**вторичный вид деятельности** | | |

**2.1. Қызметтің қосалқы түрлері бөлінісінде өндірілген өнім, орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтердің көлемі, өнімдерді өткізу мен қызметтер көрсетуден түскен кіріс туралы ақпаратты көрсетіңіз, мың теңге**

Укажите информацию об объеме произведенной продукции, выполненных работ и оказанных услуг, доходе от реализации продукции и оказания услуг в разрезе вторичных видов деятельности, тысяч тенге

| **Жол коды**<br>**Код строки** | **ЭҚЖЖ[1] коды( 5 таңбалы) бойынша қызмет түрінің атауы**<br>**Наименование вида деятельности по коду ОКЭД1 (5-ти значный)** | **ЭҚЖЖ[1] коды (5 таңбалы)**<br>**Код ОКЭД1(5-ти значный)** | **Өндірілген өнім, орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтердің көлемі**<br>**Объем произведенной продукции, выполненных работ и оказанных услуг** | **Өнімдерді өткізу мен қызметтерді көрсетуден түскен кіріс**<br>**Доход от реализации продукции и оказания услуг** |
|---|---|---|---|---|
| А | Б | В | 1 | 2 |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1 | | | | |
| 2 | | | | |
| 3 | | | | |
| 4 | | | | |
| 5 | | | | |

**Ескертпе:**

Примечание:

**Мұнда және бұдан әрі ЭҚЖЖ 5 таңбалы - Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының интернет-ресурсында "Жіктеуіштер" бөлімінде орналасқан "Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішіне" сәйкес толтырылады**

